

Бекітемін
КМҚК «№140 бөбекжай-балаларша»
менгерушісі:
Ш.А.Мухамедрахимова



**МЕКТЕПЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК
ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН
ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МЕКТЕПАЛДЫ «ҚҰЛПЫНАЙ» ТОБЫ**

Тәрбиешілер: Сүлеймен Е.Ш.

Білім беру ұйымы : КМҚК «140 бөбежай-балабақшасы»

Топ: «Құлпынай» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-ірекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: «Қол кеуденің алдында» қалпынан қолды жанына қарай созу, «қолды желкеге қою» қалпынан қолды жанына қарай созу, қол саусақтарын айқастыру, «құлып» , алға , жоғары көтеру, (алақанды сыртқа қарай айландыру)қолды бір мезгілде жоғары –артқа және кезектесіп көтеру. Негізгі қимылдар: жүру. Сапта бір қатармен , аяқтың ұшымен , өкшемен жүру, тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру, заттарды атап өту, түрлі қарқында тәрбиешінің белгісімен тоқтау, қозғалыс бағытын өзгерту, шашырап, заттар арасымен , адымдап алға қарай жүру, қадамды алмастыра жүру, жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау Спорттық жаттығулар:велсипед, самакат тебу.Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу.Оңға және солға бұрылу. Спорттық ойын элементтері: баскетбол . Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру.Допты оң және сол қолмен алып жүру. Дербес қимыл белсенділігі:ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары:балалардың қарапайым су шараларын жүргізудіңдербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызуғышылықтарын ояту.Дене бітімі мен аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын жетілдіру.Дыбыстардың нақты артикуляциясын қалыптастыру Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға оларды сөйлеуде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Түбірлес сөздерді жасау және оларды қолдану біліктерін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыруға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.

		Шығармашылық әңгіелеп беруді жетілдіру, сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану. Сөздік қор: ертегілерді, әңгімелерді оқу, мультфильм қарау кезінде кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы: балаларды зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін түсінуге және сөйлеу тілінде қолдануға, оларды дұрыс екпінмен анық айтуға үйрету;
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Әдеби жанр түрлерін түсіндіру, ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Мәнерлеп оқу. Балалардың дауыс ырғағымен мәнерлі оқи отырып, логикалық екпінмен сезінуге баулу. Мазмұндау. Сюжеттік бірізділікті сәктей отырып, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға үйрету. Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту. Театрландырылған әрекеттің түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, клоун және тағы басқа) меңгеруге үйрету.
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу Дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту үшін ойын жаттығуларын қолдану Тілдің грамматикалық құрылымы Балаларды зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдана білуге, сөзді дыбыстап айту кезінде екпінді дұрыс қоюға үйрету.
	Математика негіздері	Жиын. Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту Сан санау Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру Шама Заттардың ұзындығын, биіктігін ені мен жуандығын белгілей білуге үйрету. Геометриялық пішіндер Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру. Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, тіктөртбұрыш,

		шаршы,) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікте бағдарлау Кеңістік ұғымдарын бекіту: заттың кеңістікте орналасу (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) сол жақтан оң жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта Уақытты бағдарлау Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Танертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәлікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Салмақты өлшеу Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен те және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру Зататар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу, пазлдар жинау, логикалық ойын тапсырмаларын орындау.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Қағаздан құрастыру: Қағазды ортасынан , төрт бөлікке бүктеуге, трлі бағытта , тегістеп бүктей білуге үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиға және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру, табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: балаларды елестету және гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар ,үрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру Сюжеттік сурет салу: бейнелерді бүкіл паракқа , бір сызықтың бойына, жалпақжолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін , қоғамдағы оқиғаларды қолдан отырып, балаларды табиғаттан алған эсерлерін көрсете білуге үйрету. Сәндік сурет салу: түзу , ирек, жіңішке , жалпақ сызықтарды , түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып , қарапайым пішіндерге өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: балаларды затқа қарап немес көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні таныс заттарды , көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді

		бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету. Сюжеттік мүсіндеу:балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Сәндік мүсіндеу:балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту, жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию.шаршыларды үшбұрыштар етіп қию, немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу. Сюжеттік жапсыру: балларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету.Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, затардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту. Сәндік жапсыру: түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау: шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажыратуға үйрету. Ән айту:дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте даусын дәл келтіріп орындауға үйрету.. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүріспен беру жаттығуларын орындау. Билер: әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Ойындар, хороводтар: музыка сипатына сәйкес ойын әпекеттерін орындау, қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі:туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының ,отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балақбақша, топ атаун, нөмерін айта білуге үйрету. Зататр әлемі, кеңістікте бағдарлау:заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтылап енгізу. Ересектердің еңбегі:әртүрлі мамандық иелері туралы түсндіру. Менің Отаным-Қазақстан.:Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер , еліміздің рәміздері туралыбілімдерін кеңейту.Қазақстан Республикасының президенті, оның халыққа қызмет ететіндігін,өз халқының түрлі мәселелерін шешетіндігі туралы түсінігін қалыптастыру. Жолда жүру ережелері:балалардың жолдың жүріс бөлігі ,осьтік сызық туралы ұғымдарын бекіту.

Қазан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: допты басынан асыра бір –біріне беру, қолды алға созып , солға бұрылу , гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсынан жіңішке тақтайшаны ұстап, алға еңкейіп иілу, гимнастикалық қабырғаға арқасымен тіреліп тұрып , қолын белінің тұсына сай рейкадан ұстап аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру, алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу, айқасқан қолдарын артына көтеру, екі жанына созылған қолдарын жоғары көтеру, тізерлеп тұрып, алға еңкею, отыру. 5 метрге дейін қолмен жүру (екінші бала бірінші баланың аяғынан ұстап жүреді). Негізгі қимылдар: жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру; Спорттық жаттығулар: самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; Спорттық ойын элементтері: бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру; Дербес қимыл белсенділігі: Көпнұсқалық ойындар үшін кеңістікті ұйымдастыру. Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру. Музыкалық –ырғақтық қимылдар: . Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен ісем де, ырғақты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; Сөздік қор.: балалардың сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, сан есімдермен, үстеулермен, жұрнақтар және жалғаулармен байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Байланыстырып сөйлеу: мазмұндылығын ескере отырып, балалардың диалогтік сөйлеуін дамытуға ықпал ететін тілдік ортаны құру.

		Шығармашылықпен сөйлеу қызметі :сипаттау және хабарлау әңгімелерін шығару, байланысқан бірізді сюжетті құрастыруға үйрету.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті : дауыс және артикуляциялық аппараты дамыту Сөздік қор : Қоршаған ортадағы заттардың топтарын, жыл мезгілдерінің белгілерін және табиғаттың жеке құбылыстарын атай үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы : сөзді дыбыстап айту кезінде екпінді дұрыс қоюға үйрету. Байланыстырып сөйлеу : қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жауап беруге дағдыландыру.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. : Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру; Мәнерлеп оқу : Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу; Мазмұндау. : Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету; Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту. балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын , таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау;
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу : балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы : 4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға үйрету; балаларды зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдана білуге, сөзді дыбыстап айту кезінде екпінді дұрыс қоюға үйрету;
	Математика негіздері	Жиын : . "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру. Сан санау : Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Шама : Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады. Геометриялық пішіндер : Геометриялық пішіндерді модельдеуге, заттарды тең және тең емес бөліктерге бөлуге, бүтін мен бөлікті салыстыруға, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинастыруға, ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыруға үйрету.

		Кеңістікте бағдарлау: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта. Уақытты бағдарлау: Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Салмақты өлшеу :Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайдауды дамыту.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасауды үйрету. Қағаздан құрастыру: бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету Сюжеттік сурет салу: бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың суреттерін бейнелей білуге үйрету. Сәндік сурет салу: қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету; Сюжеттік мүсіндеу: Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру. Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру. Сәндік мүсіндеу: Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу. Сюжеттік жапсыру: заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту Сәндік жапсыру: Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау;

	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту Ән айту: қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Билер: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу Ойындар, хороводтар: музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі: балаларда өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіру ниетін, үй тапсырмаларын орындау, өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау: Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай білуге үйрету; Ересектердің еңбегі: еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы ұғымдарын дамыту. Менің Отаным-Қазақстан.: балалар Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қоятынын, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керек. Жолда жүру ережелері: Бағдаршамның жарық белгілеріне сәйкес жолдан өтуге үйрету
Қараша	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Іштің бұлшық еттеріне (пресс) арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екіншісі оның аяғына отырады (5–6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын қосып сермейді (5–6 рет). Негізгі қимылдар: секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м); қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м), орнынан биіктікке, арқаннан, сызықтан аттап секіру, оң және сол аяғын кезектестіріп секіру, биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру;

		Спорттық жаттығулар: аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау. Спорттық ойын элементтері: футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу; Дербес қимыл белсенділігі: Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру. Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Бір қырымен тізе бүге отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету. Сөздік қор: жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: тілдік этикетті, жай және күрделі сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру; Байланыстырып сөйлеу: монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. байланысқан бірізді сюжетті құрастыруға үйрету.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: , сөйлегенде дұрыс тыныс алуды дамыту. Сөздік қор: әңгімелерді оқу, му кезінде әрекеттерді талқылау арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы: 4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыруға үйрету; Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жауап беруге дағдыландыру;
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру. Мәнерлеп оқу: шығармашылық әңгімелеу. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету; Мазмұндау: түрлі жанрдағы шығармаларды мазмұндауға үйрету. Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдануды дамыту.

	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу: дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: күнделікті өмірде таныс сөздерді түсіну және қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.
	Математика негіздері	Жиын: бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру. Сан санау: . 7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Шама : Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету. Геометриялық пішіндер: Геометриялық пішіндерді модельдеуге, заттарды тең және тең емес бөліктерге бөлуге үйрету. Кеңістікте бағдарлау: қозғалыс бағыттарын қолдануды үйрету. Уақытты бағдарлау : апта күндерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету. Салмақты өлшеу: заттарды өлшеу барысында дидактикалық ойындарды қолдануды дамыту. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: логикалық ойын тапсырмаларын орындау және т. б. Қолдануды жетілдіру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: ұжымдық құрылыстар құрастыруға дағдыландыру. Қағаздан құрастыру: 14 бірдей бөлікке қиғаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: балаларды табиғат қалдықтарынан түрлі заттар даярлауға баулу.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: Серуен кезіндегі бақылаудан кейін -, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеуге үйрету. Сюжеттік сурет салу: . Ертегі желісі бойынша сурет салуды дамыту. Сәндік сурет салу: қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеуді дамыту. Сюжеттік мүсіндеу: Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру. Сәндік мүсіндеу: Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды дағдыландыру.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасауды дамыту.

		Сюжеттік : әлеуметтік жағдайлар мен балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеуге үйрету. Сәндік жапсыру: ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сүлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды жапсыру дағдыларын дамыту.
	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу. Ән айту: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыка сипатын би қимылдарында беру. Билер: бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау Ойындар, хороводтар: саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі: , үй тапсырмаларын орындау, өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау: балабақша жақын орналасқан шағын ауданда, балабақша ауласында еркін бағыт-бағдар ұстай білу іскерліктерін жетілдіру Ересектердің еңбегі: балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсіндіру. Менің Отаным-Қазақстан.: Халықтық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту, өлеңдерді, әндерді жаттату. Жолда жүру ережелері:жол белгілерін білудің маңыздылығын түсіндіру.
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалау (5–6 рет), 3 метрге дейін қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу. Қолдарын алға созып, 6–7 рет қатарынан жартылай отырып, тұру. Аяқты кезекпен алға және жан-жаққа қойып, отыру; ұсақ заттарды аяқтың саусақтарымен қысып алып, орнын ауыстыру. Негізгі қимылдар: лақтыру, қағып алу, домалату: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4–5 рет), допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату, допты қабырғаға ұрып және еденнен ыршытып қос қолмен қағып алу, 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты дәлдеп лақтыру, допты екі қолымен бір- біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттар арасымен жүргізу (арақашықтығы 4 м), алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м); Спорттық жаттығулар: ролик айдау. Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу; Спорттық ойын элементтері: хоккей. Берілген бағытта, қақпаға доптаяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға енгізу. Дербес қимыл белсенділігі: жарыстарды командамен орындауға үйрету.

		Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Түзу бағытта шоқырақтап жүру. Жұптасып, шеңбер бойымен қозғалу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қор: қоршаған орта жайлы білімдерін, ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті ажыратып, сөйлеуде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу: интонациясына байланысты сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлеуде қолдана білуді жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі: сөйлегенде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйрету.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балаларда анық дикцияны дамыту. Сөздік қор: , заттарды көлемі мен түсі бойынша атай білуге үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: күнделікті өмірде таныс сөздерді түсінуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу: өзі, ата-анасы туралы әңгімелеуге, мекен-жайын айтуға үйрету
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру Мәнерлеп оқу: үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу Мазмұндау: көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету; Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: балаларды театр мәдениетіне баулу.
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу. қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: күнделікті өмірде таныс сөздерді түсіну және қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.
	Математика негіздері	Жиын: жиын, топ туралы ұғымдарын жетілдіру. Сан санау : Көрнекі негізінде 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. Шама: Беттестіру және тұтастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

		Геометриялық пішіндер: бүтін мен бөлікті салыстыруға, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинастыруға, ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыруға үйрету. Кеңістікте бағдарлау: бағыттар тарулы білімдерін жетілдіру. Уақытты бағдарлау : циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету. Салмақты өлшеу: өлшем , салмақ туралы білімдерін жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және сынық сызықтарды дәптердің тор көзіне сызуға үйрету
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру. Қағаздан құрастыру: қағазды бүктеу, шаршылау дағдыларн жетілдіріп, құрастыруға үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: түрлі материалдардан заттарды құрастырады, олардың атауларын үйрету.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету Сюжеттік сурет салу: оқиғаларды қолдана отырып бейнелуге үйрету. Сәндік сурет салу: Балаларға түрлі материалдар: қарындаштарды, бояуларды қолдануды үйрету. Түзу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың (1–2) өрнектерінің суретін салу. Элементтерді пішіндер мен сұлбалардың ортасы мен шеттеріне орналастыра білу. Қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, ерекшеліктері мен оларға тән элементтерін қолдана отырып, құрастыра білу іскерліктерін дамыту. Ұжымда жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету. Сюжеттік мүсіндеу: біртекті заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әр қилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту. Сәндік мүсіндеу: Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: жырту тәсілімен жапсыруды. Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту. Сюжеттік жапсыру: заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.

		Сәндік жапсыру: шырша әшекейлері мен ойыншықтарын, жаңа жылдық құттықтау ашық хаттарын, топ бөлмесін безендіруге, қыс тақырыбындағы ұжымдық панно жасауға үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау: Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазының, қобызшы Қорқыттың шығармашылығымен таныстыру. Ән айту: Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыка әуеніне қарай ырғақпен қимылдарды үйрету. Билер: музыкаға әуеніне қарай би элементтерін үйрету. Ойындар, хороводтар: , ұлттық ойындардың көңілді сипатын бере білу, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі: өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау: балабақша жақын орналасқан шағын ауданда, балабақша ауласында еркін бағыт-бағдар ұстай білу іскерліктерін жетілдіру. Ересектердің еңбегі: еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы білімдерін кеңейту. Менің Отаным-Қазақстан.:балаларда патриоттық сезімдерін ояту, Қазақстан Республикасының рәміздерін танып, мемлекеттік Әнұранды орындағанда орындарынан тұрып, оң қолдарын кеуделерінің сол жақ бөлігіне қоятынын, ер балалар бас киімдерін шешетінін білу керектігін түсіндіру Жолда жүру ережелері: жолда жүрудің негізгі ережелерін білудің маңыздылығын түсіндіру.
Қаңтар	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Бір қолдан екінші қолға затты алға, арқаға, басынан асыра қайта қою. Қолды алда шапалақтау және арқа артына қою. Қолдың білектерін айналдыру. Қолдың саусақтарын жазып, жұму. Негізгі қимылдар: жүру. Белгі бойынша бір қатармен бір-бірлеп, екінші жаққа бұрылу арқылы жүру, тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы, доптан аттап бір жанымен, кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып, аттап жүру; жүгіру. Заттарды аттап өтіп бір-бірден бір қатарда, тізені жоғары көтере отырып, бағытсыз ирелендеп, 2 мин. дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру, жылдамдыққа, кегльдер арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100–120 м қашықтыққа; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру; қырлы бөренелерден аттау арқылы орташа қарқынмен бір-бірлеп бір қатарда жүгіру; үш қатарға қайта сап түзеу арқылы (жолай кегльді алу); баяулатып, сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелендеп жүгіру; қиылысқан жерлермен баяу жүгіру;

		Спорттық жаттығулар: сырғанау. Сырғанау кезінде тапсырмалар орындауға үйрету. Спорттық ойын элементтері: "Қалашық". Бастапқы қалыпты дұрыс ұстап тұрып, таяқты бір қырындап лақтыру. 3–4 пішінді білу. Қалашықты (2–3 м) және (5–6 м) аралықтан таяқ лақтырып құлату; Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың қимылды ойындарды дербес ұйымдастыруына жағдай жасау, игерген қимыл дағдыларын серуенде жетілдіру. Серуенде өткізілетін орынды дұрыс жабдықтау Сауықтыру-шынықтыру шаралары: қарапайым су процедураларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Жергілікті процедуралардың температурасын біртіндеп төмендету; Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту және жетілдіру, дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарды есту бойынша ажыратуға жаттықтыру Сөздік қор: жалпылаушы сөздерді қолдана білуді жаттықтыру, түрлі логикалық топтарға жататын заттарды атай білуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру. Етістіктерді дұрыс қолдана білуге, сөздерге көптік, септік, жіктік жалғауларын дұрыс жалғай білуді бекіту. Балаларды зат есім, сын есім, етістіктердің күрделі түрлерін жасауға жаттықтыру Диалогты сөйлеуді қалыптасуы: арналған сөздерді тыңдап, түсінуге, әңгімені қолдауға, сұрақтарға жауап беруге және сұрауға, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті, байсалды ұстау іскерліктерін жаттықтыру; Шығармашылық тілдік әрекет: тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстарды дұрыс айту үшін дидактикалық ойындарды қолдану. Сөздік қор: ертегілерді дұрыс мазмұндауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: заттарды атағанда екпінді дұрыс қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: өлеңдер, әндер, жаттау.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: Мазмұнына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету.

		Мәнерлеп оқу: шығармада саздылықты, ырғақтылықты сезінуге үйрету. Мазмұндау.: Шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету Шығармашылықпен әңгімелеу.: бақылағандары және суреттер бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету.
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу: дыбыстық құрылымы әртүрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру, сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру Тілдің грамматикалық құрылымы: жазу дәптерінің бетінде бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады
	Математика негіздері	Жиын: Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту. Сан санау : 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру; Шама : Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету. Геометриялық пішіндер: Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табуға үйрету. Кеңістікте бағдарлау: Заттың қай жерде, қалай, өзіне немесе қай затқа жақын орналасқандығын ауызша жеткізе білуге үйрету Уақытты бағдарлау: Түрлі оқиғалар туралы білімдерін бекіту. Салмақты өлшеу: Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: Талдау, салыстыру, қарапайым ой қорытындысын жасауға үйрету
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: берілген тақырып бойынша сөзбен сипаттау бойынша құрылыс салуға үйрету. Қағаздан құрастыру: Қағаз цилиндрлерден адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту Қжымдық сюжетті құрастыру: Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: Қоршаған ортадағы болмысты, (заттарды, өсімдіктерді, ойыншықтар мен гүлдерді) заттарға қарап отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Сюжеттік сурет салу: Бұлыңғыр немесе шуақты күнді, мерекелік от шашу, кешкі өзендегі кеме және тағы басқа қағаздың түсіне сәйкес бояуларды таңдауға үйрету.

		Сәндік сурет салу: Түрлі пішінді қағазда симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге үйрету, көлемді пішіндерді безендіру.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Адамның бейнесін, жануарлардың қозғалыстағы мүсінін, үйлесімділікті, қол-аяқ қалпын дұрыс мүсіндеуге үйрету Сюжеттік мүсіндеу: Ертегілердің мазмұны бойынша сюжеттік композиция жасау дағдыларын жетілдіру. Сәндік мүсіндеу: Затқа қарап, ұсынылған және өз ойлары бойынша сәндік мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: түрлі пішіндерді қию дағдыларын бекіту: симметриялық емес сұлбаларға салынған немесе қиялдағы сұлбалармен қию дағдыларын қалыптастыру. Сюжеттік жапсыру: Балалардың жапсыруда сюжетті композиция құрастыра білулерін жетілдіру. Сәндік жапсыру: аналар мен әжелерге сыйлықтарды, қуыршақтарға арналған киімдерді, ұлттық әшекейлерді, табактарды, құмыралар мен вазаларды балалардың ойлауы бойынша безендіруде жапырақтар мен гүлдерден өрнектер құрастыруды;
	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Ән айту: бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ширақ сипатын жеңіл би қимылдарында беру. Билер: Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау Ойындар, хороводтар: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі: Туыстық байланыстар туралы ұғымды, өз шежіресіне қызығушылықты жетілдіру. Көлік байланыс құралдары: арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі туралы оларды ажыратуға үйрету. Ересектердің еңбегі: мамандық иелері, еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы ұғымдарды қалыптастыру; Менің Отаным-Қазақстан.: Қазақ халқының тарихи түп тамыры туралы: қазақ киіз үйінің құрылысы және ішкі жиһаздары туралы түсініктерін қалыптастыру Қазақстан Республикасының әскері: Қазақстан Республикасы әскері, Отан қорғаушылар туралы түсініктерін жетілдіру.

Ақпан	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Отыру, бұрылып затты артына қою, қайтадан артқа бұрылып затты алу. Шалқасынан жерде жатып, аяқты жоғары көтеру, велосипед тепкендей аяқты қимылдату. Тізерлеп отырған қалыптан оң және сол аяққа кезекпен салмақ түсіре отыру. Етпетінен жатып аяқты бүгу, қайта жазу (алдымен бір аяғын, содан соң екі аяғын бірге). Шалқасынан жату, етпетіне ауысу. Етпетімен жатып қолды жан-жаққа созу, иығын бүгу және аздап жоғары көтеру. Негізгі қимылдар: жүгіру. Заттарды аттап өтіп бір-бірден бір қатарда, тізені жоғары көтере отырып, бағытсыз ирелендеп, 2 мин. дейін заттардың арасымен үздіксіз жүгіру, жылдамдыққа, кегльдер арасымен жүре отырып, жүрумен алмастыра отырып 100–120 м қашықтыққа; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру; қырлы бөренелерден аттау арқылы орташа қарқынмен бір-бірлеп бір қатарда жүгіру; үш қатарға қайта сап түзеу арқылы (жолай кегльді алу); баяулатып, сап түзеу арқылы жылдамдыққа ирелендеп жүгіру; қиылысқан жерлермен баяу жүгіру; Спорттық жаттығулар: сырғанау. Сырғанау кезінде тапсырмалар орындау Спорттық ойын элементтері:) баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолдап допты лақтыру. Ойынды командамен ойнауға үйрену; Дербес қимыл белсенділігі: мұзды жолдармен сырғанауға, хоккей ойындарына жағдай жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Жергілікті процедуралардың температурасын біртіндеп төмендету; Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Жұптасып үйлесумен және айырылу арқылы сапқа қайта тұру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстардың сөздегі орнын, сөздегі буындардың санын, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларын қалыптастыру Сөздік қор: сөйлемде көп мағыналы, синоним, антоним сөздерін қолдануға, белгілі бір затқа белгілерін таңдауға, затпен әрекет етуді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге жаттықтыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздердегі дұрыс емес дауыс екпініндегі, дауыссыздардың ауысуындағы қателерді байқауды дамыту Диалогты сөйлеуді қалыптастыру: балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу. Шығармашылық тілдік әрекет: әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету,
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстарды дұрыс айту үшін логикалық ойындарды қолдану. Сөздік қор: ертегі кейіпкерлерін сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: қоршаған ортадағы заттардың атауын дұрыс атауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: мақал-мәтелдер жаттау

	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: . Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдауға үйрету; Мәнерлеп оқу: мәнерлеп оқу. Саздылықты, ырғақтылықты сезінуге, өз дауысын басқара білуге, шығарманың мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету; Мазмұндау: бақылағандары және суреттер бойынша әңгімелер құрастыра білуге, шығармалардың мазмұны мен көркем туындылар түрінің арасындағы өзара байланысты көре білуге үйрету
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу: сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз) дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты-жуан/жіңішке; дауыссыз-қатаң, ұяң, үнді), оларды дұрыс атау; Тілдің грамматикалық құрылымы: жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратуға үйрету.
	Математика негіздері	Жиын: ; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін түсіндіру. Сан санау: тең туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету. Шама: Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен екендігін таба білуге баулу. Геометриялық пішіндер: геометриялық пішіндерді модельдеу: ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыруға үйрету. Кеңістікте бағдарлау: Белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білуін қалыптастыру. Уақытты бағдарлау: Жыл айлары туралы түсініктерін қалыптастыру. Салмақты өлшеу: Заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын дамыту. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: Бейнені контуры бойынша штрихтауға және бояуға үйрету.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: фотосурет бойынша құрылыс салуға үйрету; Қағаздан құрастыру: . Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: . Шығармашылық қиялын, ұсақ заттар жасауды көрнекіліктер қолдану арқылы және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: Табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету. Сюжеттік сурет салу: Қоғамдағы, қоршаған ортадағы жағдайлар, мерекелер, адамдардың еңбегі, ертегі, тақпақ, ән әуендері және тағы басқа сияқты күрделі емес сюжеттерді суретте көрсете білуге үйретуді жетілді Сәндік сурет салу: қазақ оюларына тән түрлі түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындауға үйрету.

	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: бөліктердің салыстырмалық көлемдерін сақтауға, мүсінделген пішіндердің бөліктерін нақтылауға үйрету. Сюжеттік мүсіндеу: Қалыптасқан іскерлік пен дағдыларды жеке мүсіндеуде, ұжымдық мүсіндеуді орындау барысында ойында ауланы сәндеу үшін қолдануға үйрету. Сәндік мүсіндеу: Сәндік пластиналарды мүсіндеуге, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдануға үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: жырту тәсілімен ғажайып құс, алтын балық, алқызыл гүл бейнелерін жасауға үйрету; Сюжеттік жапсыру: Қазақстанның табиғатын, адамдардың еңбектерін бейнелей отырып, копозицияларды орындауды үйрету.; Сәндік жапсыру: бейнелерді айқын беру үшін сұлбаны қию және жырттып жапсыру тәсілдерін қолдануды
	Музыка	Музыка тындау: . Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу. Ән айту: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: ұлттық билердің элементтерін орындауды үйрету. Билер: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыруды дамыту. Ойындар, хороводтар: Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі: балалар өздерінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу. Зататр әлемі, кеңістікте бағдарлау: айналадағы заттар, құрылыс материалдары арасындағы міндет пен байланысты, оның неден жасалғандығы туралы түсінік беру; Ересектердің еңбегі: еңбек барысы туралы білімін қолдана білуге, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. Менің Отаным-Қазақстан.: . Халықтық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту, өлеңдерді, әндерді, билерді жаттатқызып, үйрету арқылы балаларды мерекелерге қатысуға белсенділік танытуға баулу. Көлік байланыс құралдары: телефон, компьютер, теледидар, радионың қызметтерімен, оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту.

Наурыз	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Аяқтың басын таяққа, арқанға тірей отырып, өкшемен бір жағымен қырындап жүру. Таяқ, білікше бойымен (диаметрі 6–8 см) табанның ортасын тірей отырып, бір қырындап жылжу. Табанды бүгу, түзулеу, айналдыру. Негізгі қимылдар: лақтыру, қағып алу, домалату. 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң және сол қолмен лақтыру; допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу, бір қолымен жоғары лақтырып, бір қолымен қағып алу; еңбектеу, өрмелеу. Құрсауларды айналдырып, олардың ішінен өту; орындықтан еңбектеп өтуді жүрумен алмастыру. 3–4 доғаның астынан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай бір және бірнеше тәсілмен өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсу, арқаға қапшық қойып төрт тағандап еңбектеу, қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өту; Спорттық жаттығулар: самокат тебу. Оң және сол аяқпен итеріліп, самокат тебу; Спорттық ойын элементтері: футбол. Жұптасып тұрып, допты аяқпен бір-біріне домалату, аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу; Дербес қимыл белсенділігі: самокат тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балалардың денсаулықтарын ескере отырып, шынықтыру шараларына біртіндеп үйрету;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; Сөздік қор: қажетті сөздерді дұрыс түсінуді және қолдануды қалыптастыру, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: түбірлес сөздерді жасауды және қолдануды жаттықтыру, жай, күрделі сөйлемдерді, дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажырата білу, оларды сөйлеуде қолдану; Байланыстырып сөйлеу: і бір түсінікті сипаттау, баяндау әңгімелері түрінде жеткізе білуге үйрету. Диалогты сөйлеуді қалыптастыру: диалогты сөйлеу тілін дамытуға негіз болатын түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану. Шығармашылық тілдік әрекет: ұсынылған тақырыптар негізінде бір-бірімен байланысқан мазмұн бойынша сипаттауға үйрету.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: ойындардың және жаттығулардың көмегімен қазақ тілінде үйренген дыбыстарды айтуға үнемі жаттықтыру Сөздік қор: сөздік қорды кеңейту және байыту, қоршаған ортадағы заттардың топтарын, жыл мезгілдерінің белгілері мен табиғаттың жеке құбылыстарын атай білуге жаттықтыру;

		Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөз тіркестерін зат есім және сын есім құрастыра білуге, үйретуді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жауап беруге жаттықтыруды жалғастыру, 2-3 сөйлеммен затқа қысқаша сипаттама беруге, өзі, ата-анасы жөнінде әңгімелеп беруге, мекен-жайын айтуға үйрету
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: мәнерлеу құралдарына байланысты әертегілерді қабылдауға үйрету; Мәнерлеп оқу: өз дауысын басқара отырып, өлеңдердің мазмұнына, өз көзқарасын білдіруге үйрету; Мазмұндау: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді бекіту.
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу: сөйлем құруға, сөздердің ретін көрсете отырып, жай сөйлемдерді сөздердің ретін көрсете отырып, жіктеуге жаттықтыру; сөздегі буындардың ретін анықтау; буындардан сөз құру (ауызша), жай сөздердегі дыбыстардың ретін көрсету; Тілдің грамматикалық құрылымы: Штрихтарды, жиектерді салуға және әріптердің элементтерін үстінен басуға үйрету.
	Математика негіздері	Жиын: бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі туралы ұғымдарын дамыту. Сан санау: бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету Шама : кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу. Геометриялық пішіндер: . Геометриялық пішіндер атап, ажырата білуге үйрету. Кеңістікте бағдарлау: заттардың қай жерде, қалай орналасқаны жайлы түсініктерін кеңейту. Уақытты бағдарлау: уақытты анықтай білуге үйрету. Салмақты өлшеу: таразы түрлерімен таныстырып, жұмысымен таныстыру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: берілген бағытта графикалық диктанттар (есту арқылы тор көздер бойынша) орындауға үйрету
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: өз құрылысын талдай білуді бекіту Қағаздан құрастыру: адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Шығармашылық қиялын, ұсақ заттар жасауда дамыту.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: табиғат нысандарын бейнелеуге үйрету. Сюжеттік сурет салу: Өз ойлары бойынша сурет салу, алдыңғы сабақтардағы суреттерін үлгі ретінде қолдана отырып, жаңа композиция құруға үйрету. Сәндік сурет салу: . Қазақ ою-өрнектерінің сипаттау арқылы бейнелеуге үйрету.

	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Кеуде, бас және басқа да бөліктерді мүсіндей білуге, мүсіндеу тәсілдерін іріктеуде дербестікті білдіру, сазбалшықты бөлуге, өз жұмысын алдында тұрған үлгімен салыстыруға үйрету. Сюжеттік мүсіндеу: мүсіндеудің түрлі техникаларын қолдануды дағдыландыру. Сәндік мүсіндеу: түрлі ойыншықтарды, ыдыстарды халық бұйымдарының мәнерінде өздігінен мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: мереке күндері үй-жайды және учаскелерді безендіру үшін жеке және ұжымдық жапсырмаларды жапсыруға үйрету. Сюжеттік жапсыру: Қазақстанның табиғатын, адамдардың еңбектерін бейнелей отырып, композицияларды орындауға үйрету. Сәндік жапсыру: "қошқар мүйіз" өрнегін түрлендіріп: жиектеме өрнек, қоймүйізді жұп шиыршықтар, геометриялық өрнектерді қолдануды дамыту.
	Музыка	Музыка тындау: Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеуге үйрету. Ән айту: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: түрлі сипаттағы әндердің би элементтерін орындауға үйрету. Билер: Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолдануды дамыту. Ойындар, хороводтар: , кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұруға үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі:отбасы мүшелері туралы өздерінің сезімдерін жеткізуге дағдыландыру. Зататр әлемі, кеңістікте бағдарлау: Айналадағы заттардың атқаратын қызметінің, осы заттар жасалған материалдың құрылысының арасындағы байланысты түсінуге үйрету Ересектердің еңбегі: Түрлі кәсіп адамдарына құрмет көрсетуге үйрету. Менің Отаным-Қазақстан.: Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін жалғастыру. Жолда жүру ережелері: арнайы көлік құралдарының жолдағы қызметерімен таныстыру.

Сәуір	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: 6 метрге дейін қолмен жүру (екінші бала бірінші баланың аяғынан ұстап жүреді), екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екіншісі оның аяғына отырады (7–10 рет); Негізгі қимылдар: тепе-теңдікті сақтау. Арқан, жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүру; гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүру, бір-бірінің қолдарынан ұстап жұптасып айналу, көтеріңкі заттың үстімен жүру, көлденең және көлбеу бөрене бойымен жүру және жүгіру, "Қарлығаш" жаттығуын орындау. Спорттық жаттығулар: аэробика. Бұрылыстар, секірулер жасай отырып судағы қимылдар, ернеуде тұрып, басқа да жалпы дамытушы жаттығуларды жасау. Спорттық ойын элементтері: баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолдап допты лақтыру. Ойынды командамен ойнауға үйрену; Дербес қимыл белсенділігі: Айына 1 рет сауық-кеш, денешынықтыру мерекелерін өткізуді дамыту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: қарапайым су процедураларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Жергілікті процедуралардың температурасын біртіндеп төмендету Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Жұптасып үйлесумен және айырылу арқылы сапқа қайта тұру
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын дамыту. Сөздік қор: қажетті сөздерді дұрыс түсінуді және қолдануды қалыптастыру, оларды сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету; Тілдің грамматикалық құрылымы: көпше түрдегі зат есімдерді атау, ілік септіктерінде, етістіктерді бұйрық райда қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Сөйлеу мәдениетіне үйретуді жалғастыру. Диалогты сөйлеуді қалыптастыру: өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықты білуге ықыласын арттыру. Шығармашылық тілдік әрекет: суреттерге сүйеніп ертегі, ертегілерді айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: 10-ға дейін тура және кері санай білуге жаттықтыру. Сөздік қор: сөйлегенде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдануды дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: қарапайым диалог жүргізе білуге үйрту.

		Байланыстырып сөйлеу: суреттер және бақылаулары бойынша шағын әңгімелер құрастыра білуді, қарапайым сөйлеу тілін жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді бекіту. Мәнерлеп оқу: шығармаларда өз дауыс ырғақтарын бақылауға үйрету. Мазмұндау: көркем шығармаларда тнтонацияны қолдана отырып мазмұндауға үйрету.
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу: сөйлем құруға, сөздердің ретін көрсете отырып, жай сөйлемдерді сөздердің ретін көрсете отырып, жіктеуге жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: қарым-қатынас мәдениетінің дағдыларын игеруге дағдыландыру
	Математика негіздері	Жиын: , бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігін білуге үйрету. Сан санау: Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші). Шама: жоғары (төмен), кең (тар), қалың (жұқа) ұғымдарын түсіндіруді жалғастыру. Геометриялық пішіндер: сыртқы сипатына қарай пішіндерді құрастыруға үйрету. Кеңістікте бағдарлау: заттардың орналасу реттіліген үйрету. Уақытты бағдарлау: циферблат бойынша уақытты анықтауды дамыту. Салмақты өлшеу: заттардың сыртқы сипаты бойынша салмағын анықтайға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру: логикалық ойын тапсырмаларын қолдануды дамыту.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру: шарты бойынша, ойдан құрастыруға үйрету. Қағаздан құрастыру: жазықтық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерістер беру арқылы құрастыруды үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: қалдық және табиғи материалдардан заттар құрастыруға қызығшылықтарын арттыру.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: Ағаштың бұтақтарына, бұталардың жапырақтарына немесе гүлдеріне, кейбір бөлме өсімдіктеріне қарап сурет салуға үйрету.. Сюжеттік сурет салу: сурет салуда адамның қарапайым қимылдарын бере білуге үйрету. Сәндік сурет салу: : үшбұрыштар мен алтыбұрыштардың ортасын, бұрыштарын, жиектерін көрсете отырып, сәнді өрнектерді салуға дағдыландыру.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: Қарап мүсіндеуге ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдануға үйрету.. Сюжеттік мүсіндеу: ертегі кейіпкерлерінен композиция құрастыруға үйрету. Сәндік мүсіндеу: сәндік элементтермен заттарды безендіруге үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: қарапайым заттардың элементтерін жапсыруды үйрету.

		Сюжеттік жапсыру: еске түсіру бойынша, затқа қарап, пішініне, пропорциясына, көлеміне, назар аударып отырып, заттарды бейнелеуді үйрету. Сәндік жапсыру: қазақ өрнектеріне тән: жасыл, қара, ақ, сұр, қызыл, ашық түстерді қолдануды дағдыландыру.
	Музыка	Музыка тыңдау: Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, ажырата білуге үйрету. Ән айту: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: ұлттық билердің элементтерін орындау дағдыларын дамыту. Билер: музыкаға сәйкес қимыл әрекеттерін үйрету. Ойындар, хороводтар: Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: отбасы мүшелерін құрметтеуге үйрету. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау: заттардың атын, сипаттауға үйрету. Ересектердің еңбегі: мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге үйрету. Менің Отаным-Қазақстан: Қазақтардың көшпенді өмірі туралы көрнекі материалдар негізінде суреттеуді үйрету. Жолда жүру ережелері: жолда жүру ережелерін сақтаудың маңыздылығын үйрету.
Мамыр	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын қосып сермейді (7–10 рет), топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалау (7–10 рет), (5 метрге дейін) қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу. Негізгі қимылдар: сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру. Сап түзеу және сапқа қайта тұрудың бұрын игерілген әдістерін қайталау және жетілдіру. Жүру барысында жұптасып және қайтадан бір қатарға тұру; педагогтың тапсырмаларын орындай отырып, жүру және жүгіру кезінде сапта тұрып бір қатардан үш қатар құру, қимыл процесінде жұптасу және қайтадан бір қатарға тұру, саптағы бір қатардан үш, төрт қатарға қайта сап түзеп тұру. Спорттық жаттығулар: самокат тебу. Оң және сол аяқпен итеріліп, самокат тебу. Спорттық ойын элементтері: футбол. Жұптасып тұрып, допты аяқпен бір-біріне домалату, аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу Дербес қимыл белсенділігі: негізгі қимылдарды орындауда шығармашылық таныуға үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін үйрету. Музыкалық –ырғақтық қимылдар: Басты екі жаққа еңкейту, "серіппелі" отырып-тұру арқылы қосалқы қадам басу, қолдың қимылдары бірге жасалады.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.

		Сөздік қор :сөзге қызығушылығы мен зейінін дамыту Тілдің грамматикалық құрылымы: сын есім мен үстеулерді салыстырмалы шақта, септелмейтін зат есімдерді дұрыс қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Сөйлеу мәдениетіне үйретуді жалғастыру, таныс емес ортада, көпшілік алдында сөйлей білуге үйрету. Диалогты сөйлеуді дамыту: әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті, байсалды ұстау іскерліктерін жаттықтыру Шығармашылық тілдік әрекет: сөйлемдерінде бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздерді айтқанда, екпінді дұрыс қоя білуге үйрету. Сөздік қор: табиғаттың жеке құбылыстарын айтуға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы: заттардың белгілерін көлемі, түсі бойынша ажыратады және оларды қазақ тілінде айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: мақал-мәтелдерді жатқа айтуға дағдыландыру.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу: әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауға үйрету. Мәнерлеп оқу: театрландырылған өнердің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, аңдар театры және бағы басқа) меңгеру Мазмұндау: өз ойын айта алады, басқалардың пікірін тыңдай білуге үйрету. Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту: режиссерлік әрекетке қызығушылық танытуды дамыту.
	Сауат ашу	Дыбыстық мәдениетпен танысу: айналасындағыларға тілектестік қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: қарым-қатынас мәдениетінің дағдыларын үйрету.
	Математика негіздері	Жиын: Сан санау: қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту. Шама : кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу. Геометриялық пішіндер: Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табуға үйрету. Кеңістікте бағдарлау: Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту Уақытты бағдарлау: апта күндерін, жыл мезгілінің айларын , бағдарлауға үйрету. Салмақты өлшеу: заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес екендігін үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру:қиялымен ойы арқылы, суреттер арқылы құрастыруға дағдыландыру.

		Қағаздан құрастыру: түрлі қағаз түрлерін қолданып құрастыруға үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: қалдық заттардан ойдан құрастыруға үйрету.
	Сурет салу	Заттық сурет салу: табиғат нысандарын бейнелеуге үйрету. Сюжеттік сурет салу: Жаз мезгілінің табиғат құбылыстарын, жазғы демалыстағы оқиғаларды, қарапайым сюжеттерді суретте бере білу білігін бекіту Сәндік сурет салу: Халықтың сәндік өнерінің желісі бойынша сурет салуға ынталандыру.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану арқылы мүсіндеу дағдыларын үйрету. Сюжеттік мүсіндеу: Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композиция жасау дағдыларын жетілдіру. Сәндік мүсіндеу: Заттарды әсемдік элементтермен сәндеуге үйрету.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: еске түсіру бойынша, затқа қарап, пішініне, пропорциясына, көлеміне, назар аударатырып, заттарды бейнелеуді үйрету. Сюжеттік жапсыру: Қазақстанның табиғаты мен жерлестердің еңбегін бейнелейтін ұжымдық композицияларды орындауды дамыту. Сәндік жапсыру: жеке, сондай-ақ шағын топпен композициялар жасауды жетілдіру.
	Музыка	Музыка тындау: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білуге үйрету.. Ән айту: эмоционалды түрде ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың сипатына сәйкес қозғалуды үйрету. Билер: түрлі жанрдағы би қимылдарын үйрету. Ойындар, хороводтар: айналып барып шеңберге тұру, қос –қостан тұруға үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала , оның отбасы, үйі: отбасы мүшелеріне қамқорлық пен сүйіспеншілік көрсетуге үйрету. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау: құрылыс материалдары арасындағы міндет пен байланысты, оның неден жасалғандығы туралы түсіндіріп, білімдерін жетілдіру. Ересектердің еңбегі: кейбір кәсіптік және ауылшаруашылық мамандықтары туралы білімдерін кеңейту. Менің Отаным-Қазақстан.: Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранын орындау кезіндегі өзін ұстау ережесін үйрету. Жолда жүру ережелері: жолда жүрудің негізгі ережелерін орындауға дағдыландыру.